

"Тұрғын үй құрылысы мақсаттары үшін жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктер беретін кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы № 35 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" бұйрығының кейбір құрылымдық элементтерінің қолданысын тоқтата тұру туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 28 желтоқсандағы № 679 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 30 желтоқсанда № 21983 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. 2021 жылғы 1 шілдеге дейін:

1) тоқтата тұру кезеңінде аталған құрылымдық элемент мынадай редакцияда қолданылады деп белгілей отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы № 35 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14765 болып тіркелген, 2017 жылғы 17 наурызда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) тұрғын үй құрылысы мақсаттары үшін жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларының 3-тармағы 11) тармақшасының (бұдан әрі – № 35 бұйрық):

"11) қаржы агенті – "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы;

2) тоқтата тұру кезеңінде осы құрылымдық элементтер мынадай редакцияда қолданылады деп белгілей отырып, № 35 бұйрықпен бекітілген Тұрғын үй құрылысы мақсаттары үшін жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларына 1-қосымшадағы реттік нөмірлері 7 және 10-жолдардың қолданысы тоқтатыла тұрсын:

реттік нөмірі 7-жол:

"

7	Жұмыс кестесі	Қазақстан Республикасының Еңбек кодексiне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейiнгi түскi үзiлiспен демалыс және мереке күндерiн қоспағанда, дүйсенбiден бастап жұманы қоса алғанда, жұмыс кестесiне сәйкес сағат 9.00-ден 19.00-ге дейiн. Құжаттарды қабылдау және мемлекеттiк қызмет көрсету нәтижелерiн беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейiнгi түскi үзiлiспен сағат 09.00-ден 17.30-ға дейiн жүзеге асырылады. Құжаттарды қабылдау және мемлекеттiк қызмет көрсету нәтижелерiн беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейiнгi түскi үзiлiспен сағат 09.00-ден 17.30-ға дейiн жүзеге асырылады.
---	---------------	--

реттік нөмірі 10-жол:

"

--	--	--

10 Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары:</p> <p>- көрсетілетін қызметті берушінің: info@fund.kz</p> <p>- сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның : www.kds.miid.gov.kz. интернет-ресурстарында орналастырылған.</p> <p>Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.</p>
--	--

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған сәтінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму министрі

Б. Атамкулов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі

министрлігі